

Көкпекті ауданы Аққала, Жаңа-Жол ауылдарының көшелерін атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Аққала ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 шілдеде № 7332 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2 – тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14 – бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2017 жылдың 7 қарашасындағы қорытындысының негізінде, Аққала, Жаңа-Жол ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Аққала ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Көкпекті ауданының Аққала ауылының келесі көшелерінің атауылары:

- 1) Центральная көшесі Тәуелсіздік көшесі;
- 2) Верхняя көшесі Достық көшесі;
- 3) Новая көшесі Жастар көшесі болып өзгертілсін.

2. Көкпекті ауданының Жаңа-Жол ауылының келесі көшелерінің атауылары:

- 1) Центральная көшесі Атамекен көшесі;
- 2) Комсомольская көшесі Еспе көшесі болып өзгертілсін.

3. Көкпекті ауданының "Аққала ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде, оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.

4. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК